

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 208 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 желтоқсан N 2086

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 208 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 13-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

046-бағдарламаның 031-кіші бағдарламасының 5-бағанында:

"Ресей Федерациясында" деген сөздердің алдынан "Катарда және" деген сөздермен толықтырылсын;

"Үндістанда Қазақстан Республикасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасында Үндістан және Қытай" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 15-қосымшада:

"бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

052-бағдарламаның 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Фильмдер шығару:

көркем фильмдер:

"Сардар", "Көшпенділер", "Остров возрождения", "Маленькие люди";

хроникалық-деректі фильмдер:

"Два мастера", "Ардагер", "Махамбет Өтемісов", "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу", "Звезды мирового бокса", "Из глубины Возвах", "Кинолетопись";

анимациялық фильмдер:

"Құйыршық", "Ақсақ құлан";

"Молитва Лейлы", "Сағыныш" фильмдерін аяқтау";

3) көрсетілген қаулыға 20-қосымшада:

5-тармақтағы "әдебиеттер" деген сөзден кейін "және өзге де негізгі активтер" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

201-бағдарламаның 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Негізгі активтерді сатып алу: сыйымдылығы 6/32 электронды АТС GHX (Gold Star); сирек қорды сақтау жөніндегі практикалық қызмет үшін құжаттарды консервациялау зертханасына арналған жабдықтар (4 литрлік дестильатор, улы және зиянды заттармен жұмыс істеуге арналған тартпа шкаф, электронды таразылар, кітаптарды дезинфекциялауға арналған камера, кептіргіш шкаф, тартпа шкаф); шағын нысандарды оқу мен басып шығаруға арналған әмбебап аппараттар; "Рабис" бағдарламасын енгізуге арналған Pentium IV сервері, бөлуші шкаф (сервермен бірге сатып алынады, 2 дана)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК